

№3 педагогикалық кеңестің хаттамасы

1. **Тақырыбы:** «Бала денсаулығын сақтаймыз және нығайтамыз»

Өткізген күні: 17 қаңтар 2025 жыл

Қатысқан: 9 педагог

Қатыспаған: жөк

Педкенес төрайымы: Иманбаева А.С

Хатшы: Гиниятова А

Мақсаты: қауіпсіздік ережелеріне сүйене отырып балардың өмірі мен денсаулығын сақтау, шынықтыру іс-шараларын ұйымдастыру.

Күн тәртібінде:

1.«Бөбекжайда балалардың дене бітімінің жан жақты дамуына жағдайлар туғызу»- тақырыбында баяндама.

Хабарламашы: медбике Кожабергенова .У.М.

2.«Баланың сөйлеу тілін дамытатын жаттығулар»

Хабарламашы: казак тілі Куанова Л.М

3. «Баланың денсаулығы бүгінгі таңда..» - педагогикалық пікірталас

4. «Балалар дене бітімінің дұрыс қалыптасуына ойынның атқаратын рөлі»-

Шадярова А.К . қимылды ойындар

5. «Спорт және экология» шеберлік сағаты»

Хайрушева Н.З.

1. Бірінші мәселе бойынша медбике : Кожабергенова .У.М балалардың дене бітімінің дамуына қатысты мәселе, бөбекжайдағы тәрбие жұмысының негізгі аспектілерінің бірі болып табылады. Баланың дене бітімі мен физикалық дамуы оның жалпы жағдайына, психологиялық және әлеуметтік дамуына әсер ететін маңызды екендігін атап айтты.

2. «Баланың сөйлеу тілін дамытатын жаттығуларына» - Куанова Лиза Мұратжанқызы өзінің қоржынындағы ойындар мен дайындап келген тапсырмаларымен өз ойын қортындылады. Сөйлеу тілін дамыту үшін арнайы жаттығулар мен ойындар қолдану арқылы баланың сөздік қорын, грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіруге болатынын нақтылап айтты.

3. Соңғы кезде балалардың сөйлеу, тіл дамуының проблемасы өткір мәселе болып тұр. Неге балалар нашар сөйлейді? Мүмкін біз олармен сөйлеуді ұмытқандықтан немесе ата-аналар балаларымен сөйлескенде мақал-мәтел, нақыл сөздер сирек қолданады. Негізінде халық ауыз әдебиеті адамдарды мейрім шуағын оятатын ғажайып қабілетке ие Балалармен жұмыс жасағанда халық ауыз әдебиетін қолдану — Баланың тілін, ойлауын дамыту, мінез-кұлқын реттеу, жеке тұлғаның ара қатынаста дұрыс моральдық тәжірбие жинақтау үшін жақсы жағдай жасайтынын және келесі жұмыс түрлерін жүргізуге болатынын айтты.

кіші кітапшалар дайындау;

топта ертегілері бар аудио, видео дискілер жинақтау;

балалар суретінен байқау көрмелер ұйымдастыру;

ашық ұйымдастырылған іс -әрекеттер, мерекелер;

сауалнама;

әңгімелер;

жеке, ұжымдық кеңестер;

ата-аналар жиналысы;

қазақ, орыс халық ертегілеріне костюмдер, атрибуттар жасауға көмекке ата-аналарды тарту;

бірнеше мәрте жұмыстарымен бірлесіп көрмелер ұйымдастыру

ата-аналар бұрышында жиі-жиі баланың сөйлеу жылдамдығын дамытуға

арналған материалдар, халық ауыз әдебиеті туралы альбомдар жинақтау.

Педагогтердің балығы бір тұжырымдамаға келіп, балалармен сөйлесін олардың қалауы не керектігін ашық айтуға көмектесу керектігін ашып айтты.

4. «Балалар дене бітімінің дұрыс қалыптасуына ойынның атқаратын рөлі»- туралы Шадярова А.К. Қимылды ойындар — бұл балалардың дене бітімін дамытуға, олардың денсаулығын нығайтуға, психоэмоционалдық жағдайын жақсартуға және әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған маңызды құрал. Қимылдық ойындардың маңыздылығын түсіндіріп, балаларға әртүрлі ойындар арқылы денсаулықтарын сақтау, физикалық және психоэмоционалдық тұрғыдан дұрыс дамуына үлес қосатынын баяндады.

5. Хайрушева Н.З. "Спорт және экология". Тақырыбы қазіргі заманда өте маңызды болып отыр, өйткені денсаулық пен экология бір-бірімен тығыз байланысты. Спорт тек физикалық денсаулықты жақсартуға ғана емес, сондай-ақ қоршаған ортаны сақтау, экологиялық мәселелерді шешуге де ықпал ететін құрал болып табылатынын айтып, өзінің дайындап келген ойындарын көрсетті.

Қаулы:

1. «Бөбекжайда балалардың дене бітімінің жан жақты дамуына жағдайлар туғызу»- баяндама қатерге алынсын.
2. Тіл дамыту жұмыстарын жүргізу үшін ашық сабақтар ұйымдастыру, уақытты тиімді пайдалансын.
3. Баланың денсаулығы нығайту үшін әр – түрлі шаралар ұйымдастырылсын.
4. «Спорт және экология» шеберлік сағатынада ұйымдастырылған ойындарды балалармен бірге ұйымдастырылсын.
5. «Баланың денсаулығы бүгінгі таңда..» өте маңызды, соған байланысты балардың ата – аналарына пайдалы кеңес өткізілсін.

Төрайымы:  Иманбаева А.С.

Хатшы:  Гиниятова А.Б.

